| 41.1 | Каждая Сторона (данный термин для целей настоящих положений включает всех работников, агентов, представителей, аффилированных лиц каждой из Сторон, а также других лиц, привлекаемых ими или действующих от их имени) соглашается, что она не будет в связи с товарами (работами, услугами), поставляемыми (оказываемыми) по настоящему Договору, давать или пытаться давать взятки (включая, без ограничения, любые формы оплаты, подарки и прочие имущественные выгоды, вознаграждения и льготы (в виде денег или любых ценностей) другой Стороне, ее работникам, агентам, представителям, потенциальным клиентам, аффилированным лицам, а также другим лицам, привлекаемым другой Стороной или действующим от ее имени, государственным служащим, межправительственным организациям, политическим партиям, частным лицам и прочим сторонам («Вовлеченные стороны»). | Әр Тарап (бұл термин осы ережелердің максаттары үшін барлық қызметкерлерді, агенттерді, өкілдерді, әр Тараптың үлестес тұлғаларын, сондай-ақ олар тартатын немесе олардың атынан әрекет ететін өзге тұлғаларды қамтиды) осы Шарт бойынша жеткізілетін (орындалатын, көрсетілетін) тауарлармен (жұмыстармен, қызметтермен) байланысты басқа Тарапқа, оның қызметкерлеріне, агенттеріне, өкілдеріне, әлеуетті клиенттеріне, үлестес тұлғаларына, сондай-ақ басқа Тарап тартатын немесе оның атынан әрекет ететін өзге тұлғаларға, мемлекеттік қызметкерлерге, үкіметаралық ұйымдарға, саяси партияларға, жеке тұлғалар мен өзге тараптарға («Тартылған тараптар») пара (шектеусіз кез келген төлем түрлерін, сыйлықтар мен өзге де мүліктік пайдаларды, сыйақылар мен жеңілдіктерді (ақшалай немесе кез келген құндылықтар түріндегі) қоса алғанда) бермеуге және беруге тырыспауға келіседі. |
| 41.2 | Каждая Сторона заявляет и гарантирует другой Стороне, что до даты настоящего Договора она не давала и не пыталась давать взятки Вовлеченным сторонам с целью установления и (или) продления каких-либо деловых отношений с другой Стороной в связи с настоящим Договором, а также что она не является предметом какого-либо расследования органом правопорядка, или стороной какого-либо фактического или потенциального судебного разбирательства, в обоих случаях в связи с необоснованными обвинениями во взяточничестве.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Әр Тарап басқа Тарапқа Шартты жасау күніне дейін осы Шартпен байланысты басқа Тараптан қандай да бір іскерлік қарым-қатынастарды орнату және (немесе) ұзарту мақсатында Тартылған тараптарға пара бермегені және беруге тырыспағаны туралы, сонымен қатар пара алу бойынша негізсіз айып тағумен байланысты құқық тәртібі органының қандай да бір тергеуінің пәні немесе қандай да бір нақты немесе әлеуетті сот қарауының тарабы емес екені туралы мәлімдейді және оған кепілдік береді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 41.3 | Каждая Сторона признает и соглашается с тем, что она ознакомилась с законами против взяточничества и отмывания денег всех стран, в которых она учреждена или зарегистрирована и в которых она осуществляет свою деятельность, и будет соблюдать указанные законы.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Әр Тарап өзі құрылған немесе тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдердің парақорлыққа және ақшаның жылыстауға қарсы заңдарымен танысқанын мойындайды және аталмыш заңдарды сақтауға келіседі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 41.4 | Каждая из Сторон соглашается с тем, что она не будет совершать и не допустит со своего ведома совершения каких-либо действий, которые приведут к нарушению другой Стороной применимых законов против взяточничества или отмывания денег.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Әр Тарап қолданыстағы паракорлық пен ақшаны жылыстауға қарсы заңдардың бұзуына әкеп соғатын қандай да бір әрекеттерді жасамауға және басқа Тараптың жасауына жол бермейтініне келіседі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 41.5 | Стороны соглашаются с тем, что их бухгалтерская документация должна точно отражать все платежи, осуществляемые по настоящему Соглашению.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Тараптар олардың бухгалтерлік құжаттамасы осы Келісім бойынша жасалатын барлық төлемдерді нақты көрсетуі тиіс екенімен келіседі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 41.6 | Если одной из Сторон станет известно о фактическом или предположительном нарушении ею какого-либо из настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, она должна немедленно поставить об этом в известность другую Сторону и оказать ей содействие в расследовании, проводимому по данному делу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Егер Тараптардың біреуіне өздерінің паракорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы ережелердің қайсыбірін іс жүзінде немесе болжалды бұзғаны туралы белгілі болса, ол кідірместен бұл жайында басқа Тарапқа хабарлап, осы іс бойынша тергеу амалдарын жүргізуге көмек беруі тиіс.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 41.7 | Стороны соглашаются принять меры по разработке для своих сотрудников и в дальнейшем следовать политикам и процедурам по борьбе с коррупцией, необходимым для предотвращения фактов взяточничества или попыток дачи взяток                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Тараптар өз қызметкерлері үшін паракорлық немесе пара беру әрекеті фактілерінің алдын алуға қажетті сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу бойынша шараларды қолдануға және бұдан әрі оларды сақтауға келіседі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 41.8 | Каждая Сторона обязуется обеспечить выполнение своими подрядчиками, консультантами, агентами, дистрибьюторами и другими лицами, предоставляющими услуги от ее имени по настоящему Договору, процедур по предотвращению фактов взяточничества или попыток дачи взяток.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Әр Тарап өз мердігерлерінің, кеңесшілерінің, агенттері мен дистрибьюторларының осы Шарт бойынша оның атынан қызмет көрсететін өзге тұлғалардың паракорлық немесе пара беру әрекеті фактілерінің алдын алу бойынша рәсімдерді орындауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 41.9 | Стороны соглашаются, что в дополнение к правам на расторжение (отказ от исполнения), предусмотренным другими положениями настоящего Договора, не нарушающая Сторона имеет право немедленно расторгнуть (отказаться от исполнения) настоящего                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Тараптар осы Шарттың басқа ережелерінде көзделген бұзу (орындаудан бас тарту) құқығына қосымша ретінде бұзбаған Тарап басқа Тарап паракорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы осы ережелерді бұзған жағдайда, шұғыл түрде осы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |



|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       | Договора в случае нарушения другой Стороной настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, и при этом другая Сторона не вправе требовать какие-либо дополнительные платежи в рамках настоящего Договора, кроме платежей за услуги, оказанные по настоящему Договору до его расторжения, и которые не связаны с нарушением настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции. | Шартты бұзуға (орындаудан бас тартуға) құқылы екенімен келіседі, және бұл жағдайда басқа Тарап паракорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы осы ережелерді бұзумен байланысты емес, осы Шарт бойынша ол бұзылғанға дейін көрсетілген) қызметтер үшін төлемдерді қоспағанда, осы Келісім шеңберінде қандай да бір қосымша төлемдерді талап етуге құқығы жоқ. |
| 41.10 | Стороны соглашаются, что KAZ Minerals освобождается от обязательств по осуществлению каких-либо платежей, которые могут причитаться другой Стороне по настоящему Договору, если такие платежи связаны с транзакцией, в отношении которой такая другая Сторона допустила нарушение настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции.                                                            | Тараптар осы Келісім бойынша басқа Тарапқа тиесілі болуы мүмкін қандай да бір төлемдер транзакциямен байланысты болып, басқа Тарап осы транзакцияға қатысты паракорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы ережелерді бұзуға жол берген болса, KAZ Minerals қандай да бір төлем жасау міндеттемелерінен босатылатындығымен келіседі..                         |

## 42 ИСТЕЧЕНИЕ СРОКА ДЕЙСТВИЯ НАСТОЯЩЕГО ДОГОВОРА ПОСТАВКИ И СОХРАНЕНИЕ ДЕЙСТВИЯ ЕГО ПОЛОЖЕНИЙ ПОСЛЕ ИСТЕЧЕНИЯ СРОКА ДЕЙСТВИЯ / ОСЫ ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІНІҢ ӨТУІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ӨТКЕННЕН KEЙІН ОНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН САҚТАУ

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 42.1 | Настоящий Договор Поставки действует до даты, указанной в Деталях Заказа, а в части принятых на себя обязательств, до тех пор, пока между Сторонами не будут i) выполнены окончательные расчеты по всем платежам и ii) выполнена Поставка, и/или iii) использованы любые средства защиты, предусмотренные в настоящем Договоре Поставки, и выполнены все обязательства по настоящему Договору Поставки. | Осы Жеткізу шарты Тапсырыс деректерінде көрсетілген күнге дейін, ал Тараптар арасындағы өздеріне қабылдап алған міндеттемелерді, яғни i) барлық төлемдер бойынша түпкілікті есеп айырысулар орындалғанға және ii) Жеткізу орындалғанға және/немесе iii) осы Жеткізу шартында көзделген кез келген қорғау құралдары пайдаланылғанға және осы Жеткізу шарты бойынша барлық міндеттемелер орындалғанға дейін қолданыста болады. |
| 42.2 | Обязательства, возложенные на Поставщика в соответствии со следующими Статьями, остаются в силе после расторжения/отказа или полного исполнения настоящего Договора Поставки: Статьи 4, 8, 13, 16, 17, 22, 23, 25, 29, 30, 33, 34, 39 и 40, а также любые другие Статьи, которые по своим условиям должны продолжать свое действие.                                                                     | Келесі Баптарға сәйкес Жеткізушіге жүктелген міндеттемелер осы Жеткізу шарты бұзылғаннан/бас тартқаннан немесе толық орындалғаннан кейін де күшінде қалады: 4, 8, 13, 16, 17, 22, 23, 25, 29, 30, 33, 34, 39 және 40-баптары, сонымен қатар талаптар бойынша өз әрекетін жалғастыруы тиіс басқа да Баптар.                                                                                                                   |

## 43 ПОЛОЖЕНИЯ О СПРАВЕДЛИВЫХ УСЛОВИЯХ НАЙМА И ПОРЯДКЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ПОСТАВЩИКАМИ / ЖҰМЫСҚА ӘДІЛ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 43.1 | Стороны обязуются выполнять свои обязательства, предусмотренные в настоящем Договоре Поставки, с надлежащим соблюдением социальных прав своих работников или работников Аффилированных лиц и допустимым воздействием производственных операций на окружающую среду и местное население, проживающее вблизи производственных объектов.             | Тараптар өз жұмыскерлерінің немесе үлестес тұлғаларының жұмыскерлерінің әлеуметтік құқықтарын тиісінше сақтай отырып және өндірістік операциялардың қоршаған ортаға және өндірістік объектілерге жақын тұратын жергілікті халыққа рұқсат етілген әсерімен осы Жеткізу шартында көзделген өз міндеттемелерін орындауға міндеттенеді.        |
| 43.2 | Стороны обязуются выполнять свои обязательства по настоящему Договору Поставки в соответствии с принципами «Кодекса о справедливых условиях найма» и «Регламента взаимодействия с поставщиками», размещенными на веб-сайте <a href="http://www.kazminerals.com">www.kazminerals.com</a> .                                                         | Тараптар осы Жеткізу шартында көзделген міндеттемелерін <a href="http://www.kazminerals.com">www.kazminerals.com</a> веб-сайтында орналастырылған Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекстің қағидаларына және Жеткізушілермен өзара әрекеттесу регламентіне сәйкес орындауға міндеттенеді.                                     |
| 43.3 | Стороны гарантируют и заверяют, что:                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Тараптар мыналарға кепілдік береді және куәландырады:                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| a)   | изучили свою трудовую практику в целях недопущения принудительного труда, рабства и торговли людьми в своей деятельности; при этом, насколько известно Сторонам, в деятельности их непосредственных поставщиков (контрагентов) также не допускаются факты принудительного труда, рабства и торговли людьми;                                       | мәжбүрлі еңбекке, құлдыққа және адам саудасына жол бермеу мақсатында өзінің еңбек тәжірибесін зерделегенін; бұл ретте Тараптарға белгілі болғандай, олардың тікелей жеткізушілерінің (контрагенттерінің) қызметінде мәжбүрлі еңбек, құлдық және адам саудасы фактілеріне жол берілмейтініне;                                               |
| b)   | внедрили разумно необходимые внутренние процессы и процедуры, в целях обеспечения соответствия своей деятельности гарантиям и заверениям, изложенным в настоящей статье Договора Поставки «Положения о справедливых условиях найма и порядке взаимодействия с поставщиками», на протяжении всего срока исполнения настоящего Договора Поставки; и | өз қызметінде Жеткізк шартының "Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары және жеткізушілермен өзара әрекеттесу тәртібі туралы ережелер" бабында баяндалған кепілдіктерге және куәландыруларға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында осы Жеткізу шартын орындаудың бүкіл мерзімі ішінде қажетті ішкі процестер мен рәсімдерді енгізгеніне; және |
| c)   | предприняли и предпримут в будущем все необходимые и возможные меры, чтобы гарантии, указанные в настоящей Статье («Положения о справедливых условиях найма и порядке взаимодействия с поставщиками»), оставались в силе на протяжении всего срока действия настоящего Договора Поставки.                                                         | осы Бапта ("Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары және жеткізушілермен өзара әрекеттесу тәртібі туралы ережелер") көрсетілген кепілдіктер осы Жеткізушартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде күшінде қалуы үшін болашақта барлық қажетті және ықтимал шараларды қабылдағанына және қабылдайтынына.                                          |
| 43.4 | В настоящей Статье Договора Поставки термины «принудительный труд», «рабство» и «торговля людьми» и                                                                                                                                                                                                                                               | Жеткізу шартының осы бабында «мәжбүрлі еңбек», «құлдық» және «адам саудасы» және «балалар еңбегі» терминдерін                                                                                                                                                                                                                              |



|  |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                        |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | «детский труд» следует толковать в соответствии определениями, используемыми Международной организацией труда («МОТ»), а также в соответствии с действующими и будущими конвенциями МОТ. | Халықаралық еңбек ұйымы («ХЕҰ») пайдаланатын анықтамаларға сәйкес, сондай-ақ ХЕҰ-ның қолданыстағы және болашақ конвенцияларына сәйкес түсіндірген жөн. |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

#### 44 ОТСУТСТВИЕ КОЛЛИЗИЙ С САНКЦИОННЫМИ ЗАКОНАМИ / САНКЦИЯЛЫҚ ЗАҢДАРМЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ БОЛМАУЫ

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 44.1 | Ни Поставщик, ни его дочерние компании, директора, служащие или сотрудники, ни контрагенты, в том числе банки-контрагенты, ни, насколько известно Поставщику, какой-либо агент, аффилированное лицо или другое связанное лицо или лицо, действующее от имени Поставщика или других его дочерних компаний («Связанные компании Поставщика»), в настоящее время не попадают под действие или являются объектом санкций, наложенных или принудительно применяемых Правительством США (включая, в частности, Управление по контролю над иностранными активами Министерства финансов США или Государственный департамент США, и в том числе определение в качестве «лица, входящего в Список лиц особых категорий и запрещенных лиц»), Советом Безопасности ООН, Европейским союзом, Казначейством Его Величества, или другим соответствующим санкционным органом.                           | Жеткізуші де, оның еншілес компаниялары да, директорлары да, қызметшілері немесе қызметкерлері де, контрагенттері, соның ішінде контрагент банкі де, Жеткізушіге белгілі болғандай, қандай да бір агент, үлестес тұлға немесе басқа байланысты тұлға немесе Жеткізушінің немесе оның басқа еншілес компанияларының атынан іс-әрекет ететін тұлға («Жеткізушінің байланысты компаниялары») қазіргі уақытта АҚШ үкіметі (соның ішінде, атап айтқанда, АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы немесе АҚШ Мемлекеттік департаменті, оның ішінде «арнайы санаттар мен тыйым салынған тұлғалар тізіміне кіретін адам» ретінде анықтау), БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, Еуропалық Одақ, Ұлы Мәртебелі Патшаның Қазынашылығы немесе басқа тиісті санкциялық орган салған немесе мәжбүрлеп қолданған санкциялардың әсеріне ұшырамайды немесе объектісі болып табылады.                     |
| 44.2 | Стороны соглашаются с тем, что в дополнение к своим правам о прекращении действия (или об отказе от) Договора Поставки, изложенным в других пунктах данного Договора Поставки, Покупатель может немедленно расторгнуть Договор Поставки или отказаться от него (отказ от договора) в случае нарушения санкций, описанных в Статье 44.1 выше, или если Поставщик, или любая Связанная компания Поставщика подверглась, после подписания настоящего Договора Поставки, санкциям, наложенным или принудительно применяемым Управлением по контролю над иностранными активами Министерства финансов США, Советом Безопасности ООН, Европейским союзом, Казначейством Его Величества или другим соответствующим санкционным органом, как указано в Статье 44.1 выше. При этом Поставщик также теряет право на любые Претензии по любым платежам, причитающимся по данному Договору Поставки. | Тараптар осы Жеткізу шартының басқа тармақтарында баяндалған Жеткізу шартының қолданысын тоқтату (немесе бас тарту) туралы өз құқықтарына қосымша ретінде Сатып алушы жоғарыдағы 44.1-бапта сипатталған санкциялар бұзылған жағдайда немесе егер Жеткізуші немесе Жеткізушінің кез келген Байланысты компаниясы осы Жеткізу шартына қол қойғаннан кейін, жоғарыда 44.1-бапта көрсетілгендей, АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, Еуропалық Одақ, Ұлы Мәртебелі Патшайымның Қазынашылығы немесе басқа да тиісті санкциялық орган салған немесе мәжбүрлеп қолданатын санкцияларға ұшыраса Жеткізу шартын дереу бұза алатындығымен немесе оны орындаудан бас тарту алатындығымен (шарттан бас тарту) келіседі. Бұл ретте Жеткізуші осы Жеткізу шарты бойынша тиесілі кез келген төлемдер бойынша кез келген Шағымдарға деген құқығынан айырылады. |
| 44.3 | Поставщик до заключения настоящего Договора, а также в период его исполнения, заверяет и гарантирует, что поставляемый им Товар не подпадает под санкционные ограничения Европейского союза, стран-участниц Европейского Союза, Великобритании, США, а также принял все меры в целях исключения поставки санкционного товара Покупателю, в том числе провел соответствующую проверку Товара на наличие санкционных ограничений вышеуказанных стран до его таможенной очистки и поставки Покупателю. Поставщик согласен с правом Покупателя на отказ от принятия и оплаты такого Товара в случае неисполнения условий настоящего пункта Договора. Поставщик также обязуется вернуть всю сумму предоплаты (авансового платежа), сделанной Покупателем в отношении товара нарушающего условия настоящего пункта Договора.                                                                  | Жеткізуші осы шартты жасасқанға дейін, сондай-ақ оны орындау кезінде ол жеткізетін Тауар Еуропа одағының, Еуропа одағына мүше мемлекеттердің, Ұлыбританияның, АҚШ-тың санкциялық шектеулеріне жатпайтынын, сондай-ақ Сатып алушыға санкциялық тауар жеткізуді болдырмау мақсатында барлық шара қабылдағанын, оның ішінде Тауарды кедендік тазартуға және Сатып алушыға жеткізгенге дейін Тауарда жоғарыда көрсетілген елдердің санкциялық шектеулерінің бар-жоғын тексергенін куәландырады және кепілдік береді. Осы Шарт тармағының талаптарын орындамаған жағдайда Жеткізуші Сатып алушының осы Тауарды қабылдамау және оны төлемеу құқығымен келіседі. Сонымен қатар, Жеткізуші Сатып алушыға осы Шарт тармағының талаптарын бұзған Тауарға қатысты жасалған алдын ала төлемнің (аванстық төлем) бүкіл сомасын қайтаруға міндетті.                                                               |
| 44.4 | Вне зависимости от любых иных положений в настоящем Договоре (включая положения о Форс-мажоре), в случае если в период действия настоящего Договора в отношении поставляемого Товара будут введены санкции уполномоченными органами Европейского союза, стран- участниц Европейского Союза, Великобритании или США, Покупатель, без ущерба другим своим правам, имеет право на одностороннее расторжение настоящего Договора (отказ от исполнения Договора). Поставщик также обязуется вернуть всю сумму предоплаты (авансового платежа), сделанной Покупателем в отношении Товара, в отношении которого введены вышеуказанные санкции.                                                                                                                                                                                                                                                 | Осы Шарттағы кез келген өзге ережелерге қарамастан (Форс-мажор ережелерін қоса алғанда), егер осы Шарттың әрекет ету мерзімінде Еуропа одағының, Еуропа одағына мүше мемлекеттердің, Ұлыбританияның, АҚШ-тың уәкілетті органдары жеткізілетін Тауарға қарсы санкциялар енгізсе, Сатып алушы өзге де құқықтарына залал келтірмей осы Шартты біржақты түрде бұзуға (Шартты орындаудан бас тартуға) құқылы. Сонымен қатар, Жеткізуші Сатып алушыға жоғарыда көрсетілген санкциялар енгізілген Тауарға қатысты жасалған алдын ала төлемнің (аванстық төлем) бүкіл сомасын қайтаруға міндетті.                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |

#### 45 РАСШИРЕННЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА ПРОИЗВОДИТЕЛЯ (ИМПОРТЕРОВ)/ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ (ИМПОРТТАУШЫЛАРДЫҢ) КЕҢЕЙТІЛГЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ



|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 45.1 | Сатушыда қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жаратудың өзіндік жүйесі болмаса, Сатушы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамсыз ету бойынша өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау мақсатында өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шартты заңнамамен бекітілген тәртіпте өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторымен жасасқандығына кепілдік береді. | При отсутствии у Продавца собственной системы сбора, переработки и утилизации отходов, Продавец гарантирует, что в целях исполнения расширенных обязательств производителей (импортеров) по обеспечению сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее (их) упаковки заключил в установленном законодательством порядке договор об организации сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее (их) упаковки с оператором расширенных обязательств производителей (импортеров). |
| 45.2 | Сатушы осы қосымшаға сәйкес шартқа қол қойғаннан кейін, бірақ тауарды жеткізу күнінен кешіктірмей кеңейтілген өнім (тауарлар) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақының толық төленгені туралы құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті өндірушілердің (импорттаушылардың) және оның (олардың) қаптамаларының міндеттемелері.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Продавец после подписания Договора в соответствии с настоящим приложением, но не позднее даты поставки товара, обязан предоставить копию документа о полной оплате платы за организацию сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее (их) упаковки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
